

"Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидасын, механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізудің кезеңділігін, сондай-ақ техникалық байқаудың диагностикалық картасының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 мамырдағы № 523 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 қарашадағы № 1350 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 622 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 622 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидасын, механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқаудан өткізудің кезеңділігін, сондай-ақ техникалық байқаудың диагностикалық картасының нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 мамырдағы № 523 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық байқауды ұйымдастыру және жүргізу қағидасында:

32 - тармақта:

2) тармақша алып тасталсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

« 3) люфтомер ; » ;

5-тармақшадағы «аспабы.» деген сөз «аспабы;» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) рульмен басқару және ілгіштің детальдарында люфтілерді тексеру тестілері. » ;

33-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) M_1 , N_1 , O_2 санаттары үшін білікке түсетін барынша жүктемесі 2 тоннадан кем емес ; » ;

41-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) қоршаған ортаға әсер етумен байланысты факторлар:
ш у ;
п а й д а л а н ы л ғ а н г а з д а р ;
с ұ й ы қ т ы қ т а р д ы ң а ғ у ы . » .

2. Осы қаулының 1-тармағының 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін жетінші және сегізінші абзацтарын қоспағанда, осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК